

**Білім алушылар арасында «Медиация қызметі» бойынша түсіндірме
жұмысы**

ХАТТАМА №2

Өтілген мерзімі: 19 қараша 2024 жыл

Қатысушылар: 9-11 сынып оқушылары және сынып жетекшілері

Қатысқаны: 85

Өтілген орны: «С.Сейфуллин атындағы гимназиясы»КММ

Күн тәртібінде:

1. Мектептегі медиация қызметі туралы

Тыңдалды:

Оқушылар арасында «Медиация қызметі» бойынша түсіндірме жұмысын жүргізу мақсатында 9-11 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды. Оның басты мақсаты – мектептегі медиация қызметі туралы түсінік беру болды.

Кездесу барысында мектеп медиаторы **Г.Г. Исанкулова** жоғары сынып оқушыларына жалпы «медиация» терминінің мағынасы бойынша түсінік беріп, мектепте бұл қызметтің не үшін қажет екенін түсіндірді. Сондай-ақ, оқушылармен ынтымақтастық бағыттарын анықтау мақсатында сұхбат жүргізілді. Сұхбат барысында оқушылар мектеп медиациясын дамыту жөніндегі өз пікірлерін білдіріп, оларды толғандыратын мәселелер жөнінде ойларымен бөлісті.

Қосымша ақпарат:

Медиация – дау-жанжалдарды шешудің баламалы әдісі, оның негізінде бейтарап медиатордың көмегімен тараптардың келісімге келуі жатыр. Мектептегі медиация қызметінің басты міндеті – мектеп ұжымында, оқушылар мен ата-аналар арасында туындайтын кикілжіңдерді шешу, достық қарым-қатынасты нығайту. Бұл жүйе оқушылар арасында өзара түсіністік пен сенім орнатуға көмектеседі.

Мектеп медиациясының негізгі қағидаттары:

- Еріктілік
- Бейтараптық
- Құпиялылық
- Ынтымақтастық

Шешім:

1. Өз қалаулары бойынша еріктілер сәуір айына дейін жас медиаторлар курсына қатысуға өтініштерін білдірсін.
2. Сынып жетекшілері оқушылармен қосымша ақпараттық кездесулер өткізіп, медиация қызметінің маңыздылығын түсіндірсін.

Мектеп медиаторы:  **Г.Г. Исанкулова**